**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН**
**ШЕШІМ**

2025 жылғы 5 қаңтар № 1112-24-00-2/4322 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья К.Е. Исенова қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорныны

**ЖАУАПКЕР:**
«Аршин» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Сот АПК-нің 147 бабын басшылыққа ала отырып

**ШЕШТІ:**

Талап қоюшы «Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Көпбейінді облыстық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «Аршин» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды туралы талап арызы, қанағаттандырылсын.

«Аршин» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Аршин» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіген мемлекеттік пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемелекет баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Қ. Исенова

Құжатқа қол қойылған: Исенова К. Е., 05.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 13.02.2025, судья Исенова К. Е., 14.02.2025

1112-24-3-1/4313